






2018-2019 оқу жылына арналған «Ұлы Даланың жеті қыры» тақырыбы бойынша ұсынылатын және библиографиялық тізімдер



Рекомендательные и библиографические списки по теме «Семь граней Великой степи» на 2018-2019 учебный год




## 1. Атқа міну мәдениеті

1		<p><b>Атамекен (фотоальбом) / Құраст, О. Таланова, В. Жандаулетов. – Астана, 2002. – 280 б. ( қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде).</b></p> <p>Атамекен кітабы – өлке тарихын білгісі келген әрбір оқырман үшін таптырмас дерекнама. Басылымда халқымыздың ежелгі салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тарихы, әдебиеті мен мәдениеті жайында сыр шертілген.</p>
2		<p><b>// Дәстүр журналдары. 2019. №1. 2018. №1-6. 2017. №1-6. 2016. №1-6. 2015. №1-6. 2014. №1-6. 2013. №1-6.</b></p> <p>Журналдың әр бетінен халқымыздың ежелгі әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, наным-сенімдері төңірегіндегі сыр шерткен ойлы ғылыми мақалаларды, күнді пікірлерді оқи аласыздар. Журналдың мақсат-мүддесі – ұмыт қалған әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ырым-тыйымдарды жас ұрпақтың санасына сіңіріп, бабалар салған қасиетті жолды қайта жаңғырту, ел ішінде жан-жақты насихаттау.</p>
3		<p><b>Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы, Атамұра, 2010. – 384 б., сур.</b></p> <p>Энциклопедияда автор бұрын көп айтыла қоймаған ырым мен тыйым, жөн-жосық, жол-жоралғы, ұлттық қағида, ғұрып, әдеп пен әдет сияқты қазақтың өмірлік үлгі, тәлім-тәрбие ережелерін саралады. Өз ұлтын мақтан тұтатын кез келген зерделі азаматтың кітап сөресінен орын алуға лайық бұл басылым белгілі қылқалам шеберлерінің суреттерімен әсем безендірілген.</p>


4		<p><b>Бексейіт С.</b>  <b>Ел үмітін ер ақтар. – Алматы: 2003. 116 б.</b></p> <p>Сәбит Бексейіттің аталмыш кітабында жаңа жырлары мен елдің елеулілеріне арналған «Ел мен Ер» атты тарихи дастаны топтастырылған. Халық рухын көтерер, намысына дем берер жырлардың қашанда ыстық ықыласты оқырмандары болатынына бек сенеміз.</p> <p>Кітап туған өлке мен ел тарихына құмар оқырманға арналады.</p>
5		<p><b>Қазақстан: Книга-альбом. – Алматы: Flint River Press, 1995. – 288 с.</b></p> <p>В книге использованы рисунки великого казахского ученого Чокана Валиханова.</p>
<p><b>2. Ұлы даладағы ежелгі металлургия</b></p>		
6		<p><b>Ежелгі Қазақстан: Қазақстан балалар энциклопедиясы. – Алматы. «Аруна» баспасы, 2004. – 224 б., ил.</b></p> <p>Энциклопедияда еліміздің ежелгі замандардан күні бүгінге дейінгі тарихы, халқымыздың өзіндік дүниетанымы мен дәстүрлері, туған Отанымыздың табиғаты мен байлықтары, қазіргі заманғы ғылым-білімнің негіздері – бәрі-бәрі рет-ретімен жүйеленіп баяндалады.</p>

7		<p><b>Тынышпаев М. История казахского народа: Учебное пособие. – Алматы: «Санат», 1998. – 224 с.</b></p> <p>В сборник вошли некоторые публицистические, научные труды и краеведческие исследования М.Тынышпаева. В его работе история казахов охватывает огромный период, начиная с древнейших времен.</p>
8		<p><b>Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінгіге дейін). Бес томдық. 1-том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 544 б.</b></p> <p>Томда тас ғасыры дәуірінен монғол шапқыншылығы кезеңіне дейінгі тарих қамтылады. Кітапта тас ғасыры, палеолит және неолит дәуіріндегі шаруашылық пен мәдениеттің дамуы қарастырылады. Қола дәуірінің материалдары келтіріледі. Ертедегі көшпелілер, сақ, усун және кангюй мемлекеттері тарихының өзекті мәселелері айқындалады.</p> <p>Ұлы Жібек жолына, ортағасырлық қалалар мен көшпелілер мәдениетін бейнелеуге жеке тараулар арналған.</p>
9		<p><b>История Казахстана: народы и культуры: учебное пособие/ Масанов Н.Э. и др.- Алматы: Дайк-Пресс, 2001.-608с.+вкл.28с.</b></p> <p>Учебное пособие по истории и культуре, написанное на основе аутентичных и репрезентативных исторических источников творческим коллективом известных казахстанских историков.</p>

### 3. Аң стилі

10		<p><b>«Көркемсуретті Қазақстан тарихы». Ежелгі дәуірден біздің уақытымызға дейін. 4 томдық. 1, 2, 3, 4 томдар. – Алматы, 2006-2007 ж. – 312 б.</b></p> <p>«Көркемсуретті Қазақстан тарихы» - осынау аса бай өлкенің сонау ежелгі заманнан бүгінгіге дейінгі тарихын баяндауды мақсат еткен бірегей басылым. Кітап ежелгі материалдық мәдениет, көшпелі халықтар өмірі, скиф-сақтардың “хайуанаттық нақышы” мұраларынан, және Есік обасынан табылған атақты “Алтын адам” бастаған архелогиялық қазыналардан алынған тарихи ескерткіштердің суреттерімен мейлінше мол безендірілген.</p>
11		<p><b>Байбатша Ә.</b> <b>Қазақ даласының ежелгі тарихы. (Көмекші оқу құралы). – Алматы: Санат, 1998. – 192 б.</b></p> <p>Қазақ даласы – алғашқы адамдар пайда болған әлемдегі қазіргі белгілі үш одақтың бірі. Қолдарыңыздағы кітапта геология-минералогия ғылымының докторы, профессор Ә. Байбатша адамзат баласының даму тарихын планетамыздың геологиялық дамуымен байланыстыра баяндап, оқырманды ойға жетелейді.</p> <p>Кітап тарихшыларға, археологтарға, студенттерге, сондай-ақ ежелгі таихымызды білуге құштар жалпы оқырманға арналған.</p>
12		<p><b>Нағымұлы Ш.</b> <b>Мәдениеттану: Оқулық. 2- бас. – Астана: Фолиант, 2010. – 312 б.</b></p> <p>Ш. Нағымұлының оқушылар назарына ұсынылып отырған «Мәдениеттану» атты оқулығы колледж оқушыларына, жоғары оқу орындары студенттеріне дүниежүзілік мәдениеттің материалдық және рухани құндылықтарын, Қазақстанның бай мәдениетін оқып-үйренуге көмектеседі.</p>

13




**Кузембайулы А., Абиль Е.А.**

**История Казахстана: учебник для вузов. 7-е изд., перераб. и доп.- СПб.: Соларт, 2004.-420 с.**

В книге, содержащей в себе весь учебный материал вузовского курса, получили концептуальное переосмысление проблемы истории казахского народа с древнейших времен до наших дней.

14




**Мұқанов М.С.**

**Қазақ жерінің тарихы. – Алматы: Атамұра, 1994. – 80 б.**

Автор архив деректеріне, тарихи, ғылыми мәліметтерге сүйене отырып, қазақ жерінің тарихын жазып шыққан. С. Мұқановтың бұл кітабы қазақ жеріне негізсіз көз алартушылардың империяшыл арандатушылық әрекеттеріне ғылыми тұрғыдан тойтарыс беретін басылым.

#### 4. Алтын адам

15



**Ақышев К.**

**Қазақстанның көне алтыны. – Алматы: «Өнер», 1983. – 264 б. (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде).**

Альбомда Қазақстан территория-сынан табылған алтын бұйымдар жарияланған. Олардың арасында әлемдік мәні бар ғажайып дүниелер кездеседі. Соның ішінде Есік қорғанындағы “алтын адамның” киімін әшекейлеген ескерткіштерге тоқталған.

Альбомда жарияланып отырған зергерлік өнер ескерткіштерінің көпшілігін осы кітаптың авторы К. Ақышев ашқан.

16		<p><b>Мусин Ч.</b>  <b>Қазақстан тарихы: Оқулық.- 4-ші бас. – Алматы, ЖШС «Издательство «Норма-К», 2008. - 640 б.</b></p> <p>Бұл оқулықта көне заманнан б.д.д. Қазақстан тарихы кезең-кезеңімен баяндалады. Архив материалдары, бұрын-соңды жарық көрген негізгі тарихи еңбектер және қазақ халқының тарихына бүгінгі таңда қалыптасып жатқан көзқарастарға сүйене отырып жазылған.</p>
17		<p><b>Ғабитов Т.Х.</b>  <b>Мәдениеттану: оқулық. – Алматы: Раритет, 2004. – 416 б.</b></p> <p>Үш бөлімнен тұратын оқулықта мәдениеттану ілімнің теориялық қағидалары әлемдік және отандық мәдениет пен өркениет үлгілерінің тарихы тұрғысынан қарастырылады. Оқулықта мәдениет философиясы ілімнің әдістемелік жетістіктері ескерілген.</p>
18		<p><b>Абдакимов, А.</b>  <b>История Казахстана(с древнейших времен до наших дней) [текст] : учебное пособие / А.Абдакимов. - 4-е изд., перераб. и доп. - Алматы : ТОО"Издательский дом "Қазақстан""", 2003. - 496 с.</b></p> <p>В предлагаемой вниманию читателей книге история Казахстана осмысливается как неотъемлемая составная часть всемирной истории.</p>

## 5. Түркі әлемінің бесігі

19



**Назарбаев Н.**

**Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.**

«Тарих толқынында» кітабында автор өткеннің кейбір іргелі сабақтарына жүгіне отырып, қазақ халқының тарихи жолы туралы ой толғайды, рухани мұраны дамыту мәселесіне тоқталады.

20




**Аманжолов К.**

**Түркі халықтарының тарихы: Жоғары және орта оқу орындары-ның студенттеріне арналған оқу құралы. – 3-кітап. – Алматы: «Білім», 1999. - 328 б.**

Қолыңыздағы кітапта XVIII ғ. екінші жартысынан XX ғасырдың бірінші ширегіне дейінгі түркі әлемінің ұзақ кезеңдік терең дағдарыс пен құлдырау сатысын бастан кешкені, Ресейдің түркі халықтарын жаулап алудағы отарлау саясаты, ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы және Кеңес үкіметі кезіндегі ұлттық-аумақтық межелеу туралы айтылады.

21






**Ежелгі дүниедегі және византиялық дереккөздеріндегі Ұлы Дала тарихы: 4 томдық / Құраст. А.Н. Гаркавец. – Астана: Фолиант, 2007. – 464 б.**

Аталмыш том – көнегрек дереккөздеріндегі еуразия халықтары мен олардың қоңсылары туралы б.д. дейінгі XII ғасырдан бастап, ерте орта ғасырға дейінгі мәліметтерді қамтитын жинақ.

Бұл антология Ұлы Дала мен оған жаптас аймақтардың ежелгі және орта ғасырлардағы тарихына қызығатын қалың оқырманға да пайдалы болады деп ойлаймыз.



22		<p><b>Бегалин Қ.</b>  <b>Алтын Орда хандары. – Алматы: «Адамдар» ЖШС, 2007. – 272 б.</b></p> <p>“Алтын Орда хандары” атты кітапта Алтын Ордда билік құрған бізге белгілі барлвық хандардың өмірі мен қызметіне қатысты мәліметтер жинақталған. Сонымен қатар кітаптан АЛТЫН орданың құрылуы. Онда билік жүргізген әмірлер жайлы да көптеген қосымша мағлұматтар алуға болады.</p>
23		<p><b>Басенов Т.</b>  <b>Комплекс мавзолея Ахмеда Ясави. – Алма-Ата, «Өнер» 1982, - 71 с. (на рус. и англ. языках)</b></p> <p>Настоящее издание знакомит с выдающимся памятником эпохи Тимура – комплексом мавзолея Ахмеда Ясави в городе Туркестане, содержит сведения об истории создания памятника, дает краткую характеристику его композиции, конструкций и декора, описание предметов искусства, которые в нем хранятся.</p>
24		<p><b>// Аңыз адам. Қожа Ахмет Ясауи (XI-XII). 2011. №15. Б. 50</b></p> <p>Еліміздің және адамзаттың дамуына өлшеусіз үлес қосқан ұлы тұлғалардың өмірі мен өнегесі туралы жазылған кітапша-журнал «Аңыз Адам» журналында Түркі халықтарының рухани көшбасшыларының бірі Қожа Ахмет Ясауи бабамыз жайлы толық мағлұмат, деректер ұсынылған.</p>

25



// Аңыз адам. Әбу Насыр Әл-Фараби (870-950). 2011. №17. Б. 50

Еліміздің және адамзаттың дамуына өлшеусіз үлес қосқан ұлы тұлғалардың өмірі мен өнегесі туралы жазылған кітапша-журнал «Аңыз Адам» журналында тарихымыздағы ұлы тұлғалардың бірі, Ислам дүниесінің ең ірі, атағы әлемге жайылған ғұлама философы, орта ғасырда Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі – Әбу Насыр әл-Фараби жайында тың мағлұмат, деректер ұсынылған.

## 6. Ұлы жібек жолы

26



**Байпақов К.**

**Қазақстанның ежелгі қалалары. – Алматы: «Рауна Ltd», 2005. – 316 б.**

Бұл кітаптан Сіздер қытай, араб. парсы, және ежелгі түркі тілдерінде кездесетін, сонымен қатар археологиялық қазба жұмыстары кезінде анықталған “Ұлы Жібек жолы” бойындағы ежелгі қалалар мен оның өмірбаяны, тарихи ескерткіштері туралы құнды мағлұматтар ала аласыздар.

27



**Байпақов К.**

**Ұлы жібек жолы және орта-ғасырлық Қазақстан. - Алматы: Қазақстан, 1992. – 208 б.**

Жерортатеңізі елдері мен Қытайды жалғастырып жатқан «Ұлы жібек жолы» б.д.д 11 ғасырда пайда болған. Батыстан шығысқа, шығыстан батысқа қарай кіре тартқан керуендер Қазақстан жерін басып өтіп, Отырар, Тараз, Испиджаб, Яссы, Сауран, Жезд, Баласағұн және бас-қа да қалаларға ат басын тіреген. Жібек жолы техникалық ғылым мен мәдениеттің өсуімен қатар христиан, буддизм, ислам діндерінің орнығуына да игі ықпал етті.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

28




**Келімбетов Н.**

**Ежелгі дәуір әдебиеті (Қазақ әдебиеті бастаулары): Оқулық. – Алматы: Атамұра, 2005. – 336 б.**

Бұл кітап қазақ әдебиеті тарихының қайнар-бастауларымен таныстырады. Автор сақтар мен ғұндар дәуірінде өмірге келген қаһармандық дастандардан бастап, қазақ хандығы құрылған кезеңге дейінгі ежелгі түркі әдеби жәдігерлеріне жан-жақты талдау жасайды.

29



**Жолдасбаев С.**

**Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2010. – 192 б.**

Оқулықта ежелгі қазақ жеріндегі ру-тайпалардың халықтық дәрежеге қалай жеткендігі, одан біртіндеп қалай қалай ұлт болып қалыптасқаны жайында сөз болады.

## 7. Қазақстан – алма мен қызғалдақтың Отаны



30



**Гендлин, М. З.**

**Город мой Алма-Ата / М. З. Гендлин. - Алма-ата, 1977. - 248 с.**

«Город мой Алма-Ата» – это увлекательный рассказ о столице Казахстана, о том, какой она станет в ближайшие годы. Кроме того, читатели узнают из сборника о знаменательных событиях, происшедших в городе, о замечательных людях, утверждавших здесь Советскую власть. Часть страниц книги посвящена алма-атинцам – героям ВОВ, а также знаменитому сорту яблочка алма-атинскому апорту.

31		<p><b>«Қазақстан». Ұлттық энциклопедиясы / Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998. – 720 б.</b></p> <p>Мемлекеттің ұлттық энциклопедиясы – сол ел халқының дәстүрлі дүниетанымы мен ғылыми ұғымдарын жүйелеп, төл болмыс-бітімін танытатын; отандық тарихын таразылап, мәдениеттің даму арналары мен жеткен биігін айғақтайтын; жер-суының ежелгі және кейінгі атауларын шежірелеп, табиғи байлықтарын түгендейтін; адамзат баласының қазіргі заманғы әлемдік құрылымға өзіндік көзқарасын аңғартатын бірегей рухани қазына.</p>
32		<p><b>Төлентаева К.</b>  <b>Қазақстан тарихы. Оқу құралы. – Алматы: «Зият Пресс», 2006. – 168 б.</b></p> <p>Ұсынылып отырған оқу құралы Қазақстанның 1917-2005 ж.ж. арасындағы даму тарихын қамтиды. Оқу құралының бірінші бөлімінде Кеңестер Одағының ішкі және сыртқы саясаты сабақтастырылса, екінші бөлімінде тарихи үрдістер сын көзбен бағаланып, ел тарихының көлеңкелі тұстары мен «ақтаңдақ» беттері саралана негізделген.</p> <p>Тәуелсіз Қазақстан Республикасының бүгінгі тарихи даму жолы маңызды да мол материалдарды тоғыстыра отырып баяндалған.</p>